

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 14 қарашадағы N 98 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2074. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 290 бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған бұйрықтарының тізбесі**

3. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасы 2002 жылғы 14 қарашадағы N 98 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 желтоқсанда N 2074 тіркелген, 2003 жылы "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің бюллетенінде" жарияланған N 7, 897-құжат).

### *Төраға*

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 1479 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 415 қаулысына сәйкес, сондай-ақ кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын қайта ресімдеудің тәртібін белгілеу мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының (

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда N 1442 тіркелген, 2001 жылы "Кеден жаршысы" N 2 жарияланған) 2001 жылғы 15 ақпанындағы N 54 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кедендік ресімдеу жөніндегі маманға біліктілік аттестатын беру тәртібінде:

5-тарау мынадай мазмұндағы 28-1-тармақпен толықтырылсын:

"28-1. Кедендік ресімдеу жөніндегі маманды қайта аттестациялау кезінде біліктілік аттестатын беру үшін алынатын алым төленбестен, осы Тәртіптің 3-тарауында белгіленген тәртіппен жаңа бланк беріле отырып, аттестатты қайта ресімдеу жүргізіледі."

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Г.Исахан) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгенінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*